

## **Білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың кейбір мәселелері туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 ақпан N 259. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.25. N 264 қаулысымен

Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік азаматтардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерде оқу мақсатымен болуына байланысты мәселелерді ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже;

2) Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 20 ақпандағы  
N 259 қаулысымен  
бекітілген

## **Білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ереже**

1. Білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында шетелдік азаматтардың және Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерде оқытылуы мәселелерін реттейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

3. Комиссияның шешімі ұсынымдық сипатта болады.

## **2. Комиссияның міндеттері мен функциялары**

4. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) оқу кезінде шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында және Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елдерде болуы туралы ақпаратты дайындау және талдау;

2) шет елдерде оқитын Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында білім алуын жалғастыруға келген шетелдік азаматтардың виза режимін оңтайландыру және сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

3) шет елдерде Қазақстан Республикасының азаматтарын және Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтарды оқыту жөніндегі даулы мәселелерді қарау және оларды реттеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) өзінің құзыреті шегінде білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша шешім қабылдау болып табылады.

## **3. Комиссияның құқықтары**

5. Комиссия өзінің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) Комиссияның құзыретіне енетін мәселелер жөнінде Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарынан қажетті ақпарат сұратуға;

2) Қазақстан Республикасында тіркелген шет мемлекеттер елшіліктерінің, халықаралық ұйымдардың өкілдерін Комиссияның мәжілістеріне шақыруға;

3) Комиссияның құзыретіне енетін шешімдер қабылдауға құқылы.

## **4. Комиссияның қызметін жүзеге асыру тәртібі**

6. Комиссияны төраға, ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады.

Комиссия төрағасы Комиссияның қызметін басқарады, мәжілістерде төрағалық етеді, оның жұмысын ұйымдастырады, Комиссия қабылдаған шешімдердің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

7. Комиссияның жұмысы оның мәжілісін өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Комиссияның мәжілісі қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде 2 рет өткізіледі. Комиссияның кезектен тыс мәжілісі кез келген министрлік пен ведомствоның бастамасы бойынша, Комиссия мүшелері көпшілігінің келісімімен шақырылады.

Комиссияның кезекті мәжілісінің өткізілетін орны, күні және күн тәртібі  
Комиссияның алдыңғы мәжілісінде айқындалады.

8. Комиссияның мүшесі Комиссияның қызметі туралы қажетті ақпаратты,  
қабылданған шешімдерді, сондай-ақ Комиссияның құзыреті шегіндегі кез-келген  
мәселелерді талқылауға ұсына алады.

Мәжілісте қаралған мәселені талқылау кезінде Комиссия мүшелерінің құқығы  
бірдей. Комиссияның шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады және бұл  
ретте Комиссияның әр мүшесінің бір дауысы болады.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

9. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Комиссия мүшелері  
бұрыштама қояды және төраға қол қояды.

10. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Комиссияның  
жұмысшы органы болып табылады және ол:

- 1) оның қызметін ақпаратпен, ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз етуді;
- 2) Комиссияның мәжілісіне күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті  
құжаттарды, материалдарды дайындауды;
- 3) Комиссияның хаттамаларын және шешімдерін ресімдеуді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 20 ақпандағы

№ 259 қаулысымен

бекітілген

### **Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы**

Мұтанов Ғалым Мұтанұлы төраға	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі,
Әбдірәсілов Болатбек Серікбайұлы	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім департаментінің директоры, төрағаның орынбасары
Ақанов Әсет Аубайұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті бастығының орынбасары

Жұмақанов - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Владимир Зейноллаұлы қауіпсіздік комитетінің департамент  
бастығы (келісім бойынша)

Қосжанова - Қазақстан Республикасының  
Жанаргүл Тоғызбайқызы Әділет министрлігі Заңнама  
департаментінің директоры

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасының  
Аида Дәденқызы Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрлігі Әлеуметтік  
сала шығыстарын жоспарлау  
департаментінің директоры

Елшібеков - Қазақстан Республикасының  
Серікбек Кеңесұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі  
Әкімшіліктендіру департаментінің  
директоры

Қоңырбаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Уәлихан Сианбекұлы істер министрлігі Консулдық  
қызмет департаментінің директоры  
бастығы (келісім бойынша)

Үсенова - Қазақстан Республикасының Еңбек  
Гауһар Сұлтанқызы және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі Жұмыспен қамту  
департаментінің директоры

Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.13.12. N 1323  
қаулысымен .